

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының есебі

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатында атап көрсетілгеніндей, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген тәрбие тұжырымдамасы негізінде жасақталған, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбие тұжырымдамасы негізінде «Жалпы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ерекшеліктерін» негізге ала отырып, «Мәңгілік ел» актісін іске асыру және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген ТӘРБИЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ бойынша тәрбие жұмысының жоспарының тақырыбы, негіздемесі және мақсаты мен міндеттері.

Жоспардың тақырыбы: Жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу арқылы тұғырлы тұлға қалыптастыру

Мақсаты: Жалпы азаматтық және ұлттық құндылықтармен тәрбиеленген, көшбасшылық қасиеттері бар, әлеуметтік және тұлғалық өзін-өзі анықтауға қабілетті, жоғары рухты, елжанды, білімді тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

Оқушыларда:

-өмірдің ең жоғарғы құндылықтарын, олардың адамдар арасындағы қарым-қатынастағы көрінісін;

-жалпы адами және ұлттық құндылықтар мен шындыққа негізделген адамның лайықты өмірі (адалдық, құрмет, парасаттылық);

-өз өмірі мен іс-әрекетінің «авторлығы», өз әрекеттері үшін жауапкершілік;

-өз өмірінің қажеттіліктерінің және өзінің «Менің» басқа адамдармен байланыстырудың мәнін ұғыну;

-оқу және зерттеу, ақпаратпен жұмыс істеу және сын тұрғысынан, проблемаларды шешу, қарым-қатынас және ынтымақтастық, тиісті деңгейде үш тілді пайдалану түсінігін қалыптастыру.

-Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуін ықпал ете, үштілді білім беру арқылы құзыретті тұлға қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Оқушы жастар бойында қазақстандық патриотизмнің, азаматтық сананың, толеранттылық пен көшбасшылық қасиеттердің қалыптасуы;

Оқушылардың өзін-өзі дамытуы мен тәрбиелеуге саналы түрде қатысуы;

Жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарға құрмет сезімін

қалыптастыру;

Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда отбасы институтының тәрбиелік әлеуметінің күшеюі; Тұлға мінез-құлқының дұрыс мотивациялы-құндылықты аясының кеңуі;

Білім алушыларға рухани-адамгершілік тәрбиесін беру жүйесінің қалыптасуы;

Оқушылардың рухани – адамгершілік бағытындағы зерттеу, шығармашылық жұмыстарын жүргізу дағдысы қалыптасуы;

Туған жер тарихын, ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрлерді танып білуге деген ынтасы мен қызығушылығының артуы.

2. Тәрбие жұмысының басым бағыттары

«Мәңгілік ел» патриоттық актісі білім беру мазмұнын жаңарту аясында жалпы білім беру бағдарламаларына енгізе отырып, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтті.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

2022-2023 оқу жылы, мектеп оқушылары туралы мәлімет

Мектеп –интернатында 191 оқушы бар.

Мектеп – интернатында - 14 сынып бар, оның 10-ы қазақ сыныбы, 4- і орыс сыныбы.

№	Сынып жетекшілер	Сыныбы	Оқушы саны
1	Тойшыбекова Дамеш Жаханқызы	7А	17
2	Жумағалиева Гульжанат Нурумжановна	7Ә	16
3	Балтабайқызы Ақжарқын	7Б	15
4	Муканова Татьяна Павловна	7В	10
5	Спанова Айгерим Казбековна	8 А	18
6	Есенғалиева Кенжетай Баухановна	8 Ә	15
7	Есмаганбетова Ботагоз Нугербековна	8 Б	10
8	Саликова Динара Умирбековна	9 А	17
9	Бидәулет Нұрбибі	9 Ә	18
10	Нуракенова Айнур Калтаевна	10А	16
11	Калданбекова Айгул Дүйсенбековна	10 Ә	14

12	Молдиярова Гулсара Оразовна	10 Б	7
13	Есенаманова Алмагул Даудовна	11 А	15
114	Мустафина Салтанат Елеусизовна	11 Б	10

Білім беру ұйымдарында негізгі жобалар іске асырылуда:

1. Білім алушылардың мектептегі өзін-өзі басқаруы білім беру процесін демократияландыруға ықпал етеді және білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналуы тиіс.
2. Дебат – зияткерлік рөлдік ойын, бұл өзінде бар білімді қолдану біліктілігін қалыптастырады, функционалдық сауаттылығын дамытады және оқушының болашақтағы өзін-өзі жетілдіруінің кепілі болатын нағыз білім беру технологиясы.
3. «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт». Оқу сауаттылығы – табысты, бәсекеге қабілетті тұлғаны және оның қазіргі қоғамда коммуникативтік құзыретін қалыптастырудағы базалық дағдылардың бірі.

«Рухани жаңғыру» мақала – бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Шеберлер қаласы: ата – бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз» атты өлкетану сәндәк – қолданбалы шығармашылық көрмесіне оқушылар Тынысбек Мұхамедали -III орын, Искакова Ақбілек қатысты.





Ата-аналар жиналысының мақсаты: коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты карантиндік шаралар жағдайында жаңа 2021-2022 оқу жылындағы оқытудың ерекшеліктері туралы ата-аналарды (балалардың заңды өкілдерін) хабардар ету.



«Рухани жаңғыру» мақала – бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының аясында “Театрдың ғажайып әлемі” облыстық сырттай балалар өнер байқауына қатысып, – II дәрежелі диплом Шанин атындағы театр жетекшісі Ғазизов Ғибрат Дулатұлы.



Театрда бас рольді сомдаған - Ақуат Нұрасыл.
Жеке диплом мен бағалы сыйлықпен марапатталды.

Юнорлық олимпиадаға 7 сынып оқушылары, 8 сынып оқушылары) қатысты. Олимпиада мақсаты – жаратылыстану-математикалық бағыттағы олимпиадаға қатысушылардың резервтерін қалыптастыру және оқушылардың жоғары деңгейдегі олимпиадаға даярлау жүйесін жетілдіру.



Нәтижесінде Гулуй биологиядан 1 орын, Серикова К – 2 орын географиядан, Хибадат Т. – III орын химиядан.



Дебат – зияткерлік рөлдік ойын, бұл өзінде бар білімді қолдану біліктілігін қалыптастырады, функционалдық сауаттылығын дамытады және оқушының болашақтағы өзін-өзі жетілдіруінің кепілі. Облыстық пікір талас (дебат) жеңімпаздары - II дәрежелі Диплом Сағындық Аружан мен Ақуат Нұрасыл иемденді.


Біз қазақ халқы ежелгі кезден-ақ тәрбиеге ерекше көңіл бөлетін халықпыз. Салт-дәстүр осы тәрбие негізімен ұштасқан. Сол себептен ата бабаларымыз салты жақсының-халқы жақсы деп текке айтпаған.



Облыстық байқауға 7 сынып оқушылары қатысып, қазақтың салттарының бірі «Қымыздықты» көрсетті. «Салты жақсының - халқы жақсы» қашықтық байқауы. Жетекші: Кенжетай Баухановна

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «**Менің кіші Отаным**» жас тарихшылар республикалық интеллектуалдық конкурсы облыстық кезеңіне оқушылар қатысып, жүлделі орындар алды.





Кеңес Аймекен II дәрежелі орын, Тынысбек Мұхаммедали – грамота.

2022 жылдың 9 қарашасында Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Өнерпаз дарынды балалармен жұмыс жүргізу жөніндегі облыстық оқу-әдістемелік орталығы» қауіпті аурулардың алдын-алу мақсатында «Мен туберкулез бен коронавирус жайлы не білемін» облыстық онлайн викторинасын өткізді.

Іс-шараның мақсаты: оқушыларды туберкулез бен коронавирустың таралу белгілерімен және жолдарымен таныстыру, патриоттық, экологиялық, санитарлық - гигиеналық тәрбиені жүзеге асыру, аурудың алдын алу бойынша насихаттау болды»



1 орын – Қаблан Айым. Нұр-Сұлтан қаласы, Дарынды балаларға арналған №2 облыстық мамандандырылған мектеп интернаты.

Адам тағдыры оның туған ауыл тарихымен ажырамастай біртұтас. Олай болса, туып өскен алтын ұямыздың өткен ғасырдағы тарихына көз жіберіп, ой толғағанды жөн көрдік. Оқушыларға өз ауылындағы ескерткіштерді анықтап, ол туралы мәліметтер жинау керек болатын.




Қажымұқан ауылындағы ескерткіш, ауылдағы Ұлы Отан соғысындағы қатысқан аталар есімі жазылған тақталар.

Жалпыадамзаттық Құндылықтар күнін өткізу аясында «Бөбек» Ұлттық ғылыми – практикалық, білім беру мен сауықтыру орталығы 2018 жылғы 23 қарашадан бастап, рухани – адамгершілік әлеуетін арттыруға, құндылық бағдарларын, қоғамға қызмет ету дағдыларын дамытуға бағытталған іс – шараларды ұйымдастыруды ұсынған болатын. Әр сыныптарда «Сүйіспеншілік – адамның басты қасиеті, ақиқат оның негізі, дұрыс әрекет – оның шынайы өмірі» тақырыбында сынып сағаттары, әңгімелесулер өтті.



16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне қарсы “Жас ұлан” оқушыларды қабылдау жұмыстары жүрді.



Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж. Тоқаевтың жаңа жылдық шыршасына Президенттік шыршаға барған оқушылар:



Алғашқы қоңырау” салтанаты, (тәрбие сағаттары)

Мұғалімдер күніне, 11, 10,9, 8, 7 сыныптар

«ЭКОСТАН-ға САЯХАТ» республикалық экологиялық конкурсына, 9 А

“Салты жақсының, халқы жақсы” облыстық қашықтық байқауына, 7Ә

Тілдер мерекесіне. 9 б, 9А, 8 А.

25-қараша – Жалпы Құндылықтар күніне, (тәрбие сағаттары) 7А.7Ә

1 желтоқсан – Президент күніне, 8 А

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне, 9 б ,7 Ә ата – аналар ұжымы,

Ұланбасы көшбасшылығына бейне қойылымдар жасалынды.

“Жанұямен бірге оқимыз” челленджге қатыстық.

Сыныптарда ата – аналар жиналыстары мен сынып сағаттары жоспарланған түрде онлайн өткізіліп тұрды.

Тақырыбы: «Біз болашаққа жауаптымыз» 21- 30 сәуір аралығында экологиялық апталық болып өтті.

Экологиялық білім беру апталығының мақсаты:

- адамның табиғатпен байланысы туралы негізгі түсінікті қалыптастыру;
- экологиялық мәдениетті, салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- өмірдің мәні мен экологиялық проблемаларды түсіну негізінде жеке қасиеттер ретінде моральдық және экологиялық жауапкершілікті қалыптастыру.

Қашықтықтан оқыту жалғасын тапты. Тәрбие жұмыстары да жүрді. Әр мерекеге арналған бейне көрсетілімдер балалармен ата- аналармен жасалды. 12 сәуір – ғарышкерлер күні, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мен ынтымақтастық күні, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне тақырыптарында видео түсіріліп, оқушылардың отанға, елге деген сүйіспеншілігі, патриоттық тәрбие саласы, «Күшті, епті, батыл» - атты салауатты өмір салтын ұстанған оқушылар өз бейне роликтерін жіберді.

Облыстық «Туған жерім» сырттай бейнероликтер конкурсына қатыстық.

№	Номинациясы	Жұмыстың атауы	Орындаушының аты - жөні
1	«Мен мақтан тұтатын адам»	«Алғашқы ұстазым»	Сағындық Аружан
2	«Бәрі туған жерге деген махаббаттан басталады»	«Эта наш прекрасный Казакстан!»	Патрушева Людмила
3	«Әлемдегі ең жақсы жер туралы ...»	«Кіші Отаным»	Гулый Руслан

Чернобыль АЭС – індегі ядролық апаттың 36 жылдығына арналған онкүндік өткізілді. «Чернобыль – жалпы ауыртпалық және трагедия», «Чернобыль – общая боль и трагедия», «Чернобыль қасіреті– мәңгі есімізде қалады», «Чернобыль боль, которая остается в памяти навсегда», «Чернобыль – қайғылы оқиға, ерлік, ескерту», «Чернобыль – трагедия, подвиг, предупреждение» тәрбие сағаттары өткізілді.

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелді

Дайындаған тәрбие ісі орынбасары Есмаганбетова Б.Н